

### Балаларға тарту



4-БЕТ

Марат ОСПАНОВ, Ақмола облысы әкімдігі жұмылдыру дайындығы бөлімінің басшысы:

### «Бірлігі бекем елдің белін ешкім сындырмас»



5-БЕТ

### «Мектеп - тәлім-тәрбиенің ордасы»



8-БЕТ



### ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ

## ЖЕР ДАУЫ БІТІМГЕРШІЛІК КЕЛІСІММЕН АЯҚТАЛДЫ

Жер дауы қай кезде де өзекті. Кезінде дана билер мұндай дауларды тараптарды өзара бітімге келтіру арқылы бейбіт түрде шешуге күш салған. Бұл ауыл-аймақ пен ағайын арасындағы сыйластыққа сына түсірмеу үшін, елдегі тыныштық пен татулықты сақтау үшін аса маңызды еді. Дәл осы дала заңының жаңғырып, бүгінгі күні тиімді қолданылып келе жатқаны қуантады. Соның жарқын дәлелі А.Мавлеттің арызы бойынша тараптардың оң шешімге келуі.

Жақында республикалық «Заң газетіне» Мавлет Айнұр Ермекқызы хабарласты. Іс материалдарынан белгілі болғанындай, Айнұр Ермекқызының жер теліміне байланысты дауы Алматы облысы Іле аудандық сотында қаралған. Осы істі таразылаған судья «талап қоюшының жауапкер Құрбосын Айманышқа сатып алған жерді иеленудегі кедергіні жою туралы талап арызы қанағаттандырылсын» деп шешім шығарған. Бұл іс одан кейін Алматы облыстық сотының апелляциялық сатысында қаралып, шешім күшінде қалған еді. Алайда сот актісі өз пайдасына шешілсе де, талапкер даулы жерге кіре алмай отырғанын айтып, газет журналистеріне көмек сұраған.

Осы арыз редакцияға қабылданғаннан кейін, арызданушының сенімді өкілі, адвокат Жәрдембек Қыдыралин және інісі Алмас Құсайынов үшеуіміз Алматы облысы Іле ауданы Түймебаев шаруа қожалығындағы №578 кадастр нөмірі: 03.046-130-1635 жер теліміне бардық. Шағын ғана тұрғын үй іспетті ұзынша бөлмеден шыққан жас жігіт өзін Құрбосын Айманыштың баласымын деп таныстырып, осы жер телімінде орналасқан құрылысты өзі салғанын айтты. Бірер минутта «бұл менің үйім» деп күйінген жігіттің анасы Айманыш Құрбосын да келді. Үйге кіріп әңгімелестік.

Сұхбат барысында белгілі болғандай, 14.11.2018 жылы Е.Алшеров деген азаматша Іле ауданы әкімінің шешімімен мемлекеттен тұрғын үй салу мақсатында осы № 578 жер телімін алады. Бірақ ол үй салмайды, сөйтіп жер телімі Күләйім Әзімбекова деген екінші адамға өтеді. Осы аралықта кәсіби тұрғыда дәлелдеуді қажет ететін бір келеңсіздік орын алған.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 3-бетте)

✉ zangazet@mail.ru

№27 (3656)  
12 сәуір 2024



# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТАСҚЫН КЕЗІНДЕ ТАБЫСТЫ ОЙЛАУ – АДАМДЫҚҚА ЖАТ



Еліміздің бірқатар өңірі қарғын судың астында қалды. Қираған үй, өлген малда есеп жоқ. Жағдай орнығып, судың беті қайтқанда шығынның орны тола жатыр.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 3-бетте)

### ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## АҚМОЛА ҮЗДІКТЕР КӨШІН БАСТАП ТҰР

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, наурыздың басында Қазақстандағы кәсіпорын саны 2471 болды. Оның 180-і Ақмола облысында орналасқан. Ақмола облысы кәсіпорындар саны жағынан республикада тек Қарағанды (224) облысынан ғана қалып тұр. Яғни, бұл қатарда Ұлытау (39), Жетісу (61), Абай (70), Батыс Қазақстан (81), Қызылорда (87), Солтүстік Қазақстан облыстарымен (92) салыстырғанда өндіріс орны санының айырмашылығы 4 еседен асады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі 2024 жылдың алғашқы екі айында Ақмола облысында 108 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш республикада 104,6 пайыз болды. Яғни, Ақмола облысы өнеркәсіптік өндіріс индексі бойынша елімізде Шығыс Қазақстан (118,3 пайыз) мен Ақтөбе облысынан (111,8 пайыз) кейін үздік үштікте тұр. Бұл көрсеткіш жағынан Шымкент қаласы (97,8 пайыз) мен Алматы (97,2 пайыз), Жамбыл (92,8 пайыз) облыстары тізімде көш соңында қалып қойды.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі Ақмола облысында құрамында алтыны бар кендер, доре қорытпасындағы алтын өндірісінде жоғары болды.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі (ӨӨИ) жалпы республикада металл кендерін (107,2%) және өзге де пайдалы қазбаларды (102,9%) өндіру салаларының және тау-кен өнеркәсібі қызметтерінің (106,9%)



артуына байланысты 2024 жылғы қаңтар-ақпанда тау-кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді казуда 101,9% құрады. Өңдеу өнеркәсібінде 2023

жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 107,4% болды. Өсу химия өнеркәсібі – 25,3%, металлургия – 10,6%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 24,3%, машина жасауда – 23,4%, өзге де дайын бұйымдарда 1,8 есе белгіленді. Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемдерінің 7,5% артуы есебінен 104,9% құрады.

Қаңтар-ақпанда өнеркәсіп өнімдері 7502,7 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіп өнімдерінің 47,5 пайызы немесе 3566,7 млрд теңгесі кен өндіру саласында, 43,2 пайызы немесе 3237,9 млрд теңгесі өңдеу саласының үлесіне тиеді. Егер Ақмола облысындағы өнеркәсіп өнімінің көлеміне тоқталар болсақ, қаңтарда 141 807 млн теңгені, ақпанда 138073 млн теңгені, ал есептік кезеңде 279 879 млн теңгені құрап отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

